

«БЕКІТЕМІН»
«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы
ҚМҚК менеджерісі
Н.Есжанова
№1 Педагогикалық кеңесте бекітілді
«28» тамыз 2025 жыл

**«Асыл-ай»
бөбекжай-бақшасының
2025 - 2026 оқу жылының
ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Қызылорда, 2025 жыл

**«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасының
2025 - 2026 оқу жылында жүргізілетін оқу – тәрбие жұмысының
негізгі міндеттері**

**«DIGITAL KAZAKHSTAN:
Жаңа замандағы білім беру»**

Міндеттері:

- Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу;
- Ұлттық құндылықтарымыз арқылы балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықты нығайта түсу;
- Балаларға тәрбие беруде жаңа форматқа көшу және цифрландырудың маңыздылығын айқындау;
- Балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз сапалы білім беру жағдайларын жасау;
- Балалардың жан – жақты дамуына дамытушы зағтық – кеңістіктік органы, оның ішінде арнайы ойын алаңдарын құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру;
- Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, «Әжелер – аналар» мектебінің әлеуметтік қалыптасуын дамыту;
- Балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш – жігерін біріктіру;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу;
- Экологиялық тәрбие мен білім беру және мәдениет дамыту.

БАЛАБАҚША ІШЛІК МІНДЕТ:

- ✓ **1. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:** Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау салыстыра ойлау қабілеттерін Интелектум және робототехника, бестемше ойындары арқылы дамыту. Баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.
- 2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту**
Балалардың ауызекі сөйлеуін дамыта отырып, тілдік қарым-қатынас ортасын құру арқылы әлеуметтік-коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету, ана тіліне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

Мақсаттары:

Физикалық қасиеттерді дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.

Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу

Міндеттері:

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.
- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
- ✓ Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау салыстыра ойлау қабілеттерін Интеллектум және робототехника, бестемше ойындары арқылы дамыту
- ✓ балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.
- ✓ қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын меңгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту

КІРІСПЕ БӨЛІМ
Балабақшаның материалдық базасы

«Асыл-ай» бөбекжай-бақшасының орналасқан жері	Балабақшаның берілген уақыты	Балабақша жобасы	Неше қабатты	Топ саны	Сыйымдылығы	Су, жылу, қарыз жүйелері	Су, жылу өлшегіші
Ж.Маханбетов ауылы А.Найзағараев 19	Балабақша 1983 жылы салынған 2019 жылы күрделі жөндеуден өткізілген	Бейімделген	2 қабатты	6	130	Орталық тандырылған	Бар

Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы:

1. Меңгеруші - 1
2. Әдіскер - 1
3. Мамандар - 4
4. Тәрбиешілер - 12

Педагогтар саны	Білімі жоғары	Техникалық және кәсіптік білімді	Біліктілік			
			Педагог - зерттеуші - 0	Педагог-сарапшы-3	Педагог-модератор-10	Санатсыз -5
18	16	2				

Топ толымдылығы
Балабақшада 6 топ жұмыс жасайды 130 бала тәрбиеленеді
Балалар жас ерекшелігіне қарай топқа бөлінеді

Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Бала саны	Тәрбиешілер
Кіші топ «Балапан»	2 жас	10	Аязбай Б Ерәлиева Н
Кіші топ «Күншуақ»	2 жас	20	Омарова Р Қуантаева А
Ортаңғы топ «Құлыншақ»	3 жас	25	Жүнісова С Нурсултанова Н
Ересек топ «Балауса»	4 жас	25	Салықова Г Төкен А
«Болашақ» мектепалды тобы	5 жас	25	Жармаханова А Алиясқарова А
«Балдырған» мектепалды тобы	5 жас	25	Есмаханова А Қожабек Г

Жылдық жоспар бөлімдері:

I. Өткен жылғы жұмысты талдау

- денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері;
- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс
- әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары

II. Жылдық міндеттерді жоспарлау

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру
2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс
3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.
4. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.
5. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстарын ұйымдастыру
6. Бақылау: бақылау түрлері мен мазмұны.
7. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

➤ I. 2024-2025 оқу жылына қорытынды талдау

- денсаулық пен салауатты өмір салтын камтамасыз ету;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру нәтижелері;
- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара байланыс
- әкімшілік-шаруашылық жұмыстың қорытындылары

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі. Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын басшылыққа алып, бағдарламаның мақсат - міндеттерін айқындайтын жұмыстар жүргізуді алға мақсат ете отырып балабақша тәрбиеленушілермен көптеген жақсы істер атқарылды. Модельді іске асыруда әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін камтамасыз ету арқылы педагогикалық процесті жетілдіру жұмыстары тәрбие мен оқытудың мазмұнын трансформациялауға бағытталды. Өткен жылғы есеппен балабақшамызда 130 бала тәрбиеленіп, 1 мектепалды топ, 2 ересек, 1 ортанғы, 1 кіші және 1 ерте жас топ болып жасакталды. Жыл көлемінде тәрбиеленушілер санында аса өзгерістер болмады. 2024 – 2025 оқу жылында 18 педагог қызмет атқарды. Олардың ішінде 3 - педагог сарапшы; 10 – педагог модератор. Жоспарда белгіленген тәртіппен түгел ұйымдастырылған іс әрекеттері, шеберлік сыныптары, ертенгіліктер, калалық №4 аймақ әдістемелік бірлестігіне жоспарына сәйкес семинарлар ұйымдастырылды. «Өрлеу» біліктілік арттыру курстары бойынша бірнеше педагог өз білідерін жетілдірді. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының барлық міндеттемелерін жылдық жоспарларына енгізіп, топтық жұмыстың ойын арқылы балаларға түсіндіруде үлкен қызығушылық танытатынын байқалды. Олар жана форматта ұйымдастырылған іс әрекеттерін кіріктірілген әдісімен балалармен топтық жұмыс түрлерін, сергіту сәтін және ойын аймақтарында дамытушы орталықтарында түрлі әдістерді түрлендіріп отырды. Жоспарға сай ашық есік күндері өткізіліп отырды. Балалардың бойынан дағды қабілет көздерін ашып, қалыптастыруда бір-біріне қызмет жасау, бағалау ұғымын меңгертуде бес дағды бойынша тәрбие жұмыстары іс әрекеттері жүргізілді.

Физикалық қасиеттерді дамытуда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту жұмыстары жасалды;

Коммуникативтілік дағдыларын дамытуда балалардың қарым-қатынас дағдыларын ауыз екі сөйлеуін игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамытты;

Танымдық және зияткерлік дағдыларын дамытуда балалардың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгертті.;

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамытуда қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда балалардың еркін қиялдауды, ойлауды дамытып, шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын ұлттық бағытта қалыптастыруда;

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын дамытуда балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулуда үлкен жұмыстар атқарылды.

II. Жылдық міндеттерді жоспарлау

1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру бөлімі

1.1 Біліктілікті арттыру курстарынан өту

	Аты-жөні	Қызметі	Соңғы біліктілік курсынан өткен мерзімі	2023-24	2024-25	2025-26	2026-27	2027-28
1	Есжанова Нургул Кенесовна	Менгеруші	2022 Еңбек қорғау					
2	Акімова Мереке Сраждиновна	Әліскер	2021 - 2022 /Өрлеу/		2024 /Өрлеу/			*
3	Нурсултанова Нургул Шаймурзаевна	Психолог	2022 /Өрлеу/		2024 /Өрлеу/			*
4	Шайхиев Абзал Манибекович	Денсаулықты ру нұсқаушысы	2022 /Өрлеу/			2025 /Өрлеу/		
5	Қуандық Данагүл Сейітжағыпарқызы	Музыка жетекшісі		2023 /Өрлеу/		2025 /Өрлеу/		
6	Бишембеева Раушан Болатқызы	Хореограф	-			2025 /Өрлеу/		
7	Алияскарова Ақнур Бакытовна	Тәрбиеші	-	2023 /Өрлеу/		2025 /Өрлеу/		
8	Есмаханова Гулнур Усеровна	Тәрбиеші	2022 /Өрлеу/	2023 /Өрлеу/		2025 /Өрлеу/		
9	Садықова Гүлмира Сұлтанмұратқызы	Тәрбиеші	2021 /Өрлеу/		2024 /Өрлеу/			*
10	Ибрагимова Айгерім Серікбайқызы	Тәрбиеші	2021 /Өрлеу/	2023 БЕДИ			*	
11	Жүнісова Сырға Мұнайтпасқызы	Тәрбиеші	2021 /Өрлеу/			2025 /Өрлеу/		
12	Қожабек Гүлжахан Қожабекқызы	Тәрбиеші	2020 /Өрлеу/	2023 /БЕДИ			*	
13	Қуантаева Айнур Алібековна	Тәрбиеші	2022 /Өрлеу/	2023 /БЕДИ/ Өрлеу			*	
14	Жармаханова Ақбөпе Дастанқызы	Тәрбиеші	-	2023 АҚ			*	
15	Омарова Роза Мұқашқызы	Тәрбиеші	-	2023			*	

16	☐ Төребаева Назерке Төребайқызы	Тәрбиеші	-	2023 АҚ		2025 /Өрлеу/		
17	Ақыпбаева Айгерім Оразқызы	Тәрбиеші	2021 /Өрлеу/			*		
18	Аязбай Бақыткүл Сәбитқызы	Тәрбиеші						

1.2 Педагогтарды аттестаттаудан өткізу

№	Іс-шаралары	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1	-БАҚ өкілдері және әлемдік жаңалықтар мен танысу -Мақала жариялау	I жартыжылдық	Тәрбиешілер	
2	Тәрбиешілерге арналған стендке, жаңа мектепке дейінгі тәрбие әдістемелерінен материалдар жасақтау	Қыркүйек, қазан	Әдіскер	
3	- Шығармашылық топтардың жұмысы; -Педагогтардың білім көтеру бойынша атқарылған жұмыстарының шығармашылық есебі	Желтоқсан Мамыр	Менгеруші Әдіскер тәрбиешілер	
4	- Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату; - Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру; - Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасау;	I, II жарты жылдықта	Әдіскер Педагог мамандар Топ тәрбиешілері	
5	- Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу;	Жыл бойында	Әдіскер Педагог мамандар Топ тәрбиешілері	
6	Педагогтардың шығармашылығын жетілдіру үшін портфолиоларын жаңа материалдармен толықтыру.	Жыл бойында	Менгеруші Әдіскер Тәрбиешілер	
1	Сараптамалық топтың жұмысы. Аттестатталушы педагогтардың практикалық қызметін бағалау	I жыл ішінде	Сараптамалық топ	

2	Аттестатталатын педагогтардың шығармашылық есебі. Авторлық жұмыс	Наурыз	АК	
3	АК отырыстары. Аттестаттау нәтижелері бойынша қорытынды	Наурыз	АК	
4	Қалалық АК-ға құжаттар тапсыру. Өтініш, аттестаттау парағы, хаттаманың үзінді-көшірмесі, қолдау хат (құжаттарды рәсімдеу)	Наурыз	Хатшы, АК	

1.3 Өз білімін көтеру

№	Жұмыс мазмұны	Күтілетін нәтиже	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Құм терапиясын қолдану»	Балалардың қол моторикасының, зейінін дамыту, сауықтыру шарасын іске асыру	1 Жыл	Тәрбиешілер Ортаңғы топ
2	«Қызықты театр»	Балалардың шығармашылық қабылетін дамыту, қаза тілінде сөйлеу қорын молайту	1 жыл	Тәрбиешілер Ересек топ
3	«Іс –әрекет барысында ойын түрлерін қолдану»	Балалардың дамытушы ойындар арқылы зейінін қалыптастыру, 5 дағды бойынша дағдыларын қалыптастыру	1 жыл	Тәрбиешілер Кіші топ

2.Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс

2.1Білім беру процесінің ашық көрсетілімі

к/с	Педагогтардың аты-жөні	ену түрі	Уақыты	Жауаптылар	Тексеруге Жауаптылар
1	Салықова Г Есмаханова Г	Ашық көрсетілімдер Ересек топ	Қазан	Тәрбиешілер Әдіскер	
2	Жүнісова С	Кіріктірілген Ашық	Қараша	Тәрбиешілер Әдіскер	

	Нурсултанова Н	Кіші топ			
3	Омарова Р	Ашық көрсетілімдер Ортаңғы топ	Желтоқсан	Тәрбиешілер Әдіскер	
4	Қожабек Г	Ашық көрсетілімдер Ересек топ	Наурыз	Тәрбиешілер Әдіскер	
5	Жармаханова А	Ашық көрсетілімдер Ересек топ	Мамыр	Тәрбиешілер Әдіскер	

2.2 Педагогикалық кеңестер.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	№1 Педагогикалық кеңес	Тамыз		
1	Күн тәртібінде: Жазғы сауықтыру шараларының қорытындылау.	Таныстыру	Меңгеруші Н.К.Есжанова	
2	«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру жоспарымен таныстыру		Әдіскер М.С.Акимова	
3	2025-2026 оқу жылының Әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстыру	Бекіту.	Меңгеруші	
4	Балабақшаның жылдық жоспарын, топтардың айының перспективалық жоспарларын, күн тәртібін және «Аналар - әжелер, әкелер» мектебінің жоспарын бекіту.		Тәрбиешілер	
5	Топтардың жана оқу жылына дайындығы.		Меңгеруші	
6	Ағымдағы мәселелер	Қаулы		
7	Педагогикалық кеңестің қорытындысы			
	№2 Педагогикалық кеңес	Қазан		
1	№1 педкеңес шешімінің орындалу мәселелері әдіскер «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында «Қамқор» (экология және волонтерлік), «Smart Bala» (IT және инновациялық ойлауды қолдау), «Шабьт» (өнер мен мәдениет арқылы рухани даму), «Ұшқыр ой алаңы» (пікірсайыс пен зияткерлік ойындар), «Балалар кітапханасы» жобаларының тұсаукесері презентация Жоба жетекшілері	Презентация	Тәрбиеші С.Жүнісова	
2	«Көңіл күйіңіз қалай?» тренинг психолог	Тренинг	Психолог Н.Нурсултанова	

3	«Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу: қолөнер – Ұлт мұрасы»	Шебер-сынып		
4	№2 педкеңеске өткізілген іс-шаралардың қорытындысы	қорытынды		
№3 Педагогикалық кеңес		Қаңтар		
Күн тәртібінде:				
1	№2 педкеңес шешімінің орындалу мәселелері әдіскер «Мобильді кітапхананы балабақшада қолдану»	Презентация	Мамандар	
2	«Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде дене шынықтыру сауықтыру жұмыстарындағы заманауи инновациялық технологиялар»	Шебер-сынып	Әдіскер, топ тәрбиешілері Педагог ұйымдастырушы // -// -// -//	
3	«Бала санасындағы ұлттық құндылықтың инновациялық мәні»	Презентация		
4	«Мектепке дейінгі тәрбиеленушілерге нейро жаттығудың маңызы»	Шебер-сынып	(Медбике) Меңгеруші	
5	Бөбекжайдың санитарлық-эпидемиологиялық тәртіп күйі. Санитарлық ережелері мен мәлімдеме	Медбике		
6	№3 педкеңеске өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы			
№4 Педагогикалық кеңес		Наурыз		
Күн тәртібінде:				
1	№3 педкеңес шешімінің орындалу мәселелері әдіскер	Іскерлік ойын	Тәрбиеші	
2	«Ертегілер елінде» іскерлік ойын Дағдылар не үшін қажет?	Баяндама		
3	«Көтеріңкі көңіл күй жанға қуат береді» психологиялық	тренинг		
4	№5 Педкеңеске тапсырма: «Біздің жетістіктеріміз» атты тұсаукесерін дайындау	Қаулы	Меңгеруші	
№5 Педагогикалық кеңес		Мамыр		
Күн тәртібінде:				
1	«2025-2026 оқу жылының қорытындылары». 1.Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, топ тәрбиешілері, мамандарлық қорытынды есептері 2.Қорытынды мониторинг бойынша есеп	Есеп	Әдіскер Мамандар	
2	Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру		Тәрбиешілер	
3	Таңғы жаттығуларды бақылау парағы Серуенді бақылау парағы Ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағы бойынша жүргізілген бақылауларға талдау жасау.		Әдіскер	
4	Ағымдағы мәселелер			
5	Педагогикалық кеңес қорытындысы		Меңгеруші	

2.3 Әдістемелік кеңес

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескеру
1	<p>Күн тәртібінде: 1.- Перспективалық жоспарын талқылау; -Циклограмманы талқылау 2.Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарын талдау</p> <p>Ағымдағы мәселелер.</p>	Қыркүйек	Әдіскер	
2	<p>Күн тәртібінде: 1.Тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамытуәдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойыншакеңес беру 2.Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру</p> <p>Ағымдағы мәселелер.</p>	Қазан	Әдіскер Тәрбиешілер	
3	<p>Күн тәртібінде: 1.Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру 2.Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар 3. Ағымдағы мәселелер</p>	Қаңтар 2025ж	Педагог ұйымдастырушы Әдіскер	
4	<p>Күн тәртібінде 1.Мониторинг нәтижелерін алу әдістері 3.«Баланың дамуының жеке картасы»; толтыру бойынша есеп</p>	Наурыз	Әдіскер Тәрбиеші	

2.4.Семинарлар, шебер класс, кеңестер

Жұмыс мазмұны	Мерзімі	жауаптылар
Шеберлік сыныбы	Қазан	Тәрбиеші
Семинар: « "Ойын технологиясы арқылы, музыканы оқыту"»	Қараша	Музыка жетекшісі
Тәрбиешілерге арналған кеңес: "Балабақшадағы ойынның педагогикалық маңызы"	Желтоқсан	

Семинар: "Мектепалды топтарындағы оқытудың тиімді формалары мен әдіс-тәсілдері"	Қаңтар	Тәрбиеші Есмаханова Г
Шебер сынып: Заттық кеңістік дамытушы ортаны қалыптастыру жолдары Ортаңғы тобы	Ақпан	Тәрбиеші Алияскарова А
Ашық есік күні «Жасыл аула» ата-аналармен көгалдандыру жұмысы	Наурыз	Топ тәрбиешілері Ата - аналар
Тренинг: «Отбасы, бала, балабақша»	Сәуір	Психолог Н.Нурсултанова
Ашық есік күні Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру	Мамыр	Тәрбиеші Омарова Р

2.5. Мерекелік ертенгіліктер, көңіл сергітулер, кештер.

№	Тақырыбы	Форматы	Мерзімі	Жауаптылар
1	« Білім күні »	Шебер сынып	1.09.2025 ж	Тәрбиешілер
2	«Қазақстан халқы тілдері күні»	Тақырыптық іс-әрекет	05.09.2025ж	Тәрбиешілер Кіші топ
3	Отбасы күні	Мерекелік ертеңгілік	15.09.2025ж	Тәрбиешілер Ересек топ
4	Қарттар күні	Мерекелік ертеңгілік	01.10.2025ж	Тәрбиешілер Мектепалды топ
5	«Республика күні»	Тақырыптық іс әрекет	25.10.2025ж	Топ тәрбиешілері
6	«Жасыл шырша жанында» мерекелік ертеңгіліктер	Мерекелік ертеңгілік	25.12.2025ж	Топ тәрбиешілері Би жетекшісі Музыка жетекшісі
7	8 наурыз- аналар мерекесі «Анашым –мерекем!»	Мерекелік кеш	Наурыз2026ж	Топ тәрбиешілері Би жетекшісі Музыка жетекшісі
8	«22-Наурыз- өз Наурыз құтты болсын!»	Ұлттық ойындар мен ас мәзірі байқау	Наурыз 2026ж	Топ тәрбиешілері Би жетекшісі Музыка жетекшісі
9	«Бірлігіміз жарасқан»	Тақырыптық іс әрекет	Мамыр 2026 ж	Топ тәрбиешілері
10	«Отан-отанда ыстық» Отан қорғаушылар күні	Тақырыптық іс шара		Топ тәрбиешілері
11	«Қош бол, балабақша!» ертеңгілігі	Ертеңгілік	Мамыр 2026ж	Топ тәрбиешілері
12	«Балалар болашағым» атты балалар күні мерекесі	Концерт	Мамыр 2026 ж	Әдіскер Топ тәрбиешілері Би жетекшісі Музыка жетекшісі

3. Бала Денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтау

3.1 Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру

№	Жұмыс мазмұны	Сипаттамасы	Тұлға	Мерзімі	Жауаптылар
1	Ғимараттар мен үй-жайлардың қауіпсіздігі	Ойын алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қызметкерлер мен балаларға өрт қауіпсіздігі бойынша тұрақты оқытуды өткізу.	Қызметкер мен тәрбиеленушілерге	Жылына 3 рет	Меңгеруші Шаруашылық меңгерушісі
1	Серуен кезіндегі қауіпсіздік	Қауіпсіз жүру жолдарын ұйымдастыру. Балаларға жол жүру ережесін үйрету. Үнемі эвакуациялау жаттығуларын өткізу. Балалардың серуендеу кезінде ересектердің еріп жүруін қамтамасыз ету. Балалардың қауіпсіз қозғалысы үшін арнайы жабдықты пайдалану (мысалы шағылыстыратын элементтер).	Тәрбиеленушілерге	Іс-әрекеттерде Үнемі Үнемі Үнемі	Тәрбиешілер
2	Медициналық қызмет қауіпсіздігі	Қызметкерлерге алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін үйрету	Қызметкерлерге	Айын 1 рет	Медбике
3	Тамақтану қауіпсіздігі	Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Тамақ өнімдерін	Қызметкер мен тәрбиеленушілер ас блогын	Үнемі	Медбике

		жағдай жасау. Қызметкерлерді тамақты сақтау және дайындау ережелеріне үйрету. Тұрақты санитарлық тексерулер жүргізу			
4	Өрт қауіпсіздігі	Өрт қауіпсіздігіне түсіндірме жұмыстарын жүргізу Эвакуациялау жұмысары	Қызметкерлер мен тәрбиеленушілер	Үнемі Жылына 3 рет	Меңгеруші Шаруашылық меңгерушісі
5	Терорлық іс әрекеттерге шаралар	Түсіндірме жұмыстар Эвакуациялау жүргізу	Қызметкермен тәрбиеленушілер	Үнемі Жылына 3 рет	Меңгеруші Шаруашылық меңгерушісі

3.2 Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспары

№ р / с	Тақырыптар (тәуекелдер)	4жастағы балалар үшін	Орындалу мерзімі	Жауапты
1.	«Балабақшадағық ауіпсізмінез-құлық ережелері»	1.Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелері	Оқу жылы басында	Әдіскер
2.	«ТЖ кезіндегі әрекеттер: мектепке дейінгіжас»	2.Жедел қызмет телефондары	Оқу жылы басында	Әдіскер
3.	«Қауіпсіз серуен»	3.Серуендеуге арналған аумақ, ондағы қауіпті және қауіпсіз орындар, рұқсат етілген шекаралар	Оқу жылы басында	Әдіскер
4.	«Егер адасып қалсам, не істеу керек?»	4.Көмекші-ескерту: іздеу немесе тұру керек пе?	Қазан Сұхбаттасу	Тәрбиешілер
5.	«Қауіпсіз қала»	5.Үйдің мекен-жайы мен ата-аналардың телефон нөмірлерін үйрету	Үнемі	Тәрбиешілер
6.	«Айналадағыәлем: бұлкеремет жануарлар!»	6.Үйдегі және ауладағы жануарлардың айырмашылығы	Үнемі	Тәрбиешілер

7.	«Менжәнебөгдеересек адам»	7.Сенімділік шеңберлері, ересектердің ережесі: егер бейтаныс адам есікті қақса, не істеу керек?	Қараша іс-шара	Тәрбиешілер
8.	«Тамақтану әдебі» (қауіпсіз тамақтану дағдылары)	8.Қауіпсіз тамақтану ережелері, гаджеттерді қарап отырып, тамақтануға бола ма?	Үнемі	Тәрбиешілер
9.	«Қауіпсіз үй. Үйде жалғыз қалғанда»	9.Үйдегі қауіпті заттар	Ақпан	Тәрбиешілер
10.	«Табиғаттағы қауіпсіздік»	10.Табиғаттағы қауіпті нысандар	Наурыз	Тәрбиешілер

Денсаулық күндері (ДК)	тоқсан сайын
Дене шынықтыру сауық-кештері (ДШС)	Барлық жас топтарында айына 1 рет
Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)	Ересек және мектепалды топтарында жылына 2 рет

Айлар	Денсаулық күндері	Дене шынықтыру сауық-кештері	Дене шынықтыру мерекелері
Қыркүйек	тоқсан сайын	барлық жас топтарында айына 1 рет	(ересек және мектепалды топтарында)
Қазан	«Біз болашақ-спортшылар»	«Мен спортты сүйемін!» эстафеталық жарыс. Ортаңғы тобы	
Қараша		«Спорт біздің досымыз» эстафеталық сайыс. Кіші тобы	
Желтоқсан		«Денсаулығы сәбилің -денсаулығы әр үйдің» Ересек тобы	«Денсаулықты шыңдаймыз, ата-ананы тыңдаймыз!» музыкалық-спорттық шара.
Қаңтар	Шынықсан шымыр боласын	«Тәуелсіздік ел тірегі!» ұлттық ойындар. Эстафеталық жарыс. Ортаңғы тобы	
Ақпан		«Алақай қыс келді!» қысқы ойын түрлерінен эстафеталық жарыс Кіші топ	
		«Көңілді старт» эстафеталық ойын. Көңілді старт Ортаңғы топ	

Наурыз		«Спортты біз сүйеміз, үлкен болып өсеміз!» аналар мейрамына арналған спорттық шара Ересек тобы	
Сәуір	Дені саулық тәні сау	«Денсаулық мол байлық!» денсаулық күніне арналған спорттық шаралар Кіші топ	
Мамыр		«Толағай» Ата аналармен бірлескен жарыс	«Спорт әлемінде» топ аралық спорттық шара.

4. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас бөлімі «Аналар- әжелер» мектебі

Мақсаты:

Отбасылық құндылықтарды сақтау, әжелеріміздің немере алдындағы аналарымыздың бала тәрбиелеудегі жауапкершіліктері мен міндеттерін арттыра отырып, олардың отбасындағы дағдыларын қалыптастыру. Балаларға ұлттық рухта, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрлерімізді насихаттап тәрбиелеп жетілдіру. Әрбір отбасы қоғамның бір бөлігі болып табылатындықтан, бала тәрбиесіндегі жауапкершілікте балабақшамызбен бірдей тәрбиелеп өзара іс-қимылға, ынтымақтастыққа, кеңінен тарту болып табылады.

Негізгі міндеттері:

- отбасында баланы тәрбиелеу мәселелері бойынша көмек көрсету;
- отбасылық тәрбиенің озық тәжірибесін насихаттау;
- барлық отбасы мүшелерін МДҰ-ның қызметіне белсенді қатысуға және
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуге тарту;
- педагогикалық тәжірибе алмасу, ұлттық салт-дәстүрлер негізінде
- өскелең ұрпақты тәрбиелеу;

№	Іс-шараның атауы	Форматы	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1	Күн тәртібінде «Аналар-әжелер» мектебінің жоспарын бекіту. Төрайымын сайлау.	I – ші педагогикалық кеңес	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер	
2	«Анаға қарап қыз өсер» Ересек топ	Дөңгелек үстел	Қазан	Әдіскер Тәрбиешілер Музыка, би жетекшілері	
3	«Өнерлі ана-талапты қыз» Түрлі қолөнер бұйымдарын жасау	Шеберлік сыныбы	Қараша	Тәрбиешілер	
4	«Қыз бала-тәрбиесі»	Дөңгелек үстел жиналыс	Желтоқсан	Әдіскер тәрбиешілер	
5	«Анам және менің бір күндік өмірім»	Үй шаруасындағы бейнеролик байқауы	Қаңтар	Тәрбиешілер	
6	«Асыл әже» жас аналарға әжелерден қыз тәрбиесінде кеңестер	Тәжірибе бөлісу дөңгелек үстел	Ақпан	Тәрбиешілер	
7	«Жүн түту» Жүн түтіп, шағын қыздарға көрпешелер жасау	Шеберлік сыныбы	Наурыз	Әдіскер Ата-аналар тәрбиешілер	
8	«Анам және мен»	Сырласу бөлмесінде сұхбаттасу	Сәуір	Ата-аналар Тәрбиешілер	

4.1 Жалпы ата-аналар жиналыс кестесі

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<p>1. Жалпы ата – аналар жиналысы. Тақырыбы: «Келіңіз, танысайық!» «Жаңа келген ата-аналарға қызметкерлерді таныстырып жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттерімен таныстыру»</p> <p>2. 2025-2026 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.</p> <p>3. Ваучерлік қаржыландыру туралы түсіндіру</p> <p>4. Балабақшаның ішкі тәртібімен таныстыру</p>	Қыркүйек	Менгеруші
2	<p>1. Ата аналардың балабақша жұмысына қатысу шараларының есебі</p> <p>2. Балалардың тәрбие мен білім алу бойынша жарты жылдық жұмыстың есебі, қорытындысы.</p>	қаңтар	Ата – аналар комитеті Менгеруші
3	<p>1. «Сұранызға жауап береміз» Балабақшаның ағымдағы оқу жылында оқу тәрбие жұмыстарына есеп беру.</p> <p>2. Балалар ауруларын алдын ала ескерту жөнінде медбикенің есебі.</p> <p>3. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарымен таныстыру.</p>	мамыр	Менгеруші. Мед бике әдіскер

5. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет бөлімі.



«БЕКТЕМІН»
«Асыл-ай»
орта мектебі директоры
Б. Байдуллаев
» 2025 жыл



«БЕКТЕМІН»
«Асыл-ай»
бөбекжай-бақшасы КМҚК
менгерушісі Н. Есжанова
« 28 » 28 2025 жыл

2025-жылғы оқу жылына құрылған қарым – қатынас жоспары

Мақсаты: Балабақша мен мектептің қоятын талаптарының бірінғайдылығы және мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастықты күшейту.

№	Жұмыс мазмұны	Өтілу формасы	Мерзімі	Жауапты
1.	Бөбекжай- бақша мен мектеп байланысы, өзара тәжірибе алмасу біріккен жұмыс жоспарын талқылау	Дөңгелек үстел	Қазан	Менгеруші
2.	Ересек және мектепалды топтарында ұйымдастырылған іс әрекеттер бойынша ашық іс әрекетіне енуімен тәрбиешілердің ашық сабаққа қатысуы	Тәжірибе алмасу	Қараша	Тәрбиешілер, мектеп мұғалімдері
3.	Бастауыш сынып мұғалімдерін балабақшада өткізілетін «Жаңа жыл» ертеңгілігін тамашалауға шақыру	Мерекелік іс-шара	Желтоқсан	Әдіскер Топ тәрбиешілері
4.	Ата аналарға кеңес «Баланың мектепке дайын екенін қалай білуге болады» тақырыбында тренинг жүргізу	Пікір талас	Ақпан 2025	Тәрбиешілер, мектеп мұғалімдері
5.	Мектепке саяхат: «Қызықты кітаптар әлемі шақырады» мектептің кітапханасына саяхат «Білгіштер бекеті» мектепалды тобы	Саяхат	Наурыз	Бастауыш сынып мұғалімдері әдіскер, ересек топ тәрбиешілері
6.	Бастауыш сынып мұғалімдері мен балабақша тәрбиешілерінің кездесуі: «Баланы мектепке дайындау кезеңіндегі кездесетін қиындықтарды шешу жолдары»	Тәжірибе алмасу	Сәуір	Әдіскер Топ тәрбиешілері
7.	«Сіздің баланыз болашақ оқушы» кездесу	Дөңгелек үстел	Мамыр	Психолог, тәрбиешілер, мектеп мұғалімдері, ата-аналар

6. Бақылау мен басшылық

Тақырыбы	Мерзімі	Түрі	Жауаптылар	Ескерту
6.1 Жедел бақылау				
Таңғы жаттығуларды бақылау парағы	Үнемі	Жедел бақылау 2Қосымша бойынша	Әдіскер	
Серуенді бақылау парағы	Үнемі	Жедел бақылау 3қосымша бойынша	Әдіскер	
Ұйымдастырылған іс-әрекетті бақылау парағы	Үнемі	Жедел бақылау 4-қосымша бойынша	Әдіскер	
Таңертенгілік фильтр	Үнемі	Жедел бақылау	Әдіскер	
6.2 Тақырыптық бақылау				
Тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары бойынша іс-әрекеттердің ұйымдастырылуы	Қыркүйек	Тақырыптық бақылау	Әдіскер	
Дене дамуының диагностикасы	Қазан	Тақырыптық бақылау	Әдіскер Медбике	
"Ата-аналарға арналған бұрыштарда" мектеп жасына дейінгі балалардың үйдегі және көшедегі дене белсенділігін ұйымдастыру	Қазан	Тақырыптық бақылау	Әдіскер	
Балалардың танымдық-зерттеушілік және жобалық іс-	Қараша	Тақырыптық бақылау барлық	Әдіскер	

әрекетін ұйымдастыру		топтар үшін		
Топта топ құжаттамасының болуы	Желтоқсан	Тақырыптық бақылау Барлық топтарға	Әдіскер	
"Ойын әрекетін дамыту" бөлімі бойынша топтардағы пәндік-дамытушылық ортаны талдау	Қаңтар	Тақырыптық бақылау Барлық топтарға	Әдіскер	
"Тамақтандыруды ұйымдастыру"	Ақпан	Тақырыптық бақылау Барлық топтарға	Әдіскер Медбике	
"Серуенді өткізу және ұйымдастыру"	Наурыз	Тақырыптық бақылау Барлық топтарға	Әдіскер	
"Ата-аналармен жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру"	Сәуір	Тақырыптық бақылау Барлық топтарға	Әдіскер	
"Экологиялық тәрбие бойынша пәндік-дамытушылық ортаны талдау"	Мамыр	Тақырыптық бақылау Барлық топтарға	Әдіскер	

6.3 Салыстырмалы бақылау

«Топтарда дамытушы ойындардың қолданылуы»	Айына 1 рет Барлық топ	Салыстырмалы бақылау	Әдіскер	
«Ата-аналармен бірлескен іс шаралардың жүргізілуі»	Айына 1 рет	Салыстырмалы бақылау	Әдіскер	
«Серуен кезінде балалардың шынықтару шараларын қолдану»	Айына 1 рет	Салыстырмалы бақылау	Әдіскер	
«Іс-әрекеттер барысында экологиялық мәдениетті дамыту ойындары»	Айына 1 рет	Салыстырмалы бақылау	Әдіскер	

«Қазақ тілін дамыту іс-шаралары»	Айына 1 рет	Салыстырмалы бақылау	Әдіскер	
----------------------------------	-------------	----------------------	---------	--

7.Әкімшілік-шаруашылық жұмыс бөлімі.

7.1 Өндірістік жиналыстар

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1	1.Балабақпандағы іс-шаралармен таныстыру. Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің сақталуы. 2.Балабақпанын санитарлық – гигиеналық жай-күйі. 3. Топтардың және алаңның жөнделгендігі жөнінде есеп.	қыркүйек	Меңгеруші Медбике Шаруашылық меңгерушісі	
2	1. Қызметкерлердің демалыс кестесін талқылау және бекіту. 2. Тәжірибелік сабақ. Өртті болдырмау ережелері 3.Жаңа жыл мерекесіне дайындық. Жаңа жылдық мерекелерді өткізу бойынша консультация. 4.Топтарда ас бөлмесінің тазалығы және балалардың тамақтану гигиенасы.	желтоқсан	Меңгеруші шаруашылық меңгерушісі әдіскер мед бике	
3	1.Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің орындалуы жайлы есебі. 3.Жазғы кезеңде санэпидемия режимін сақтау. 4. Жазғы демалыс кезеңіне көгалландыру, абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыру жоспарын жасап бекіту	сәуір	Меңгеруші әдіскер медбике шар.меңгерушісі	

7.2 Өкімшілік жиналыстар

Меңгеруші жанындағы кеңес

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1-кеңес				
1	Балабақша ішілік еңбек тәртібін 2024-2025 оқу жылына бекіту.	Қыркүйек	Меңгеруші	
2	Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптары бойынша заттық дамытушы орталықтарды жаңарту.		Тәрбиешілер,	
3	Педагог мамандардың жаңа оқу жылында жүргізетін іс – құжаттарын сараптау, тексеру, бекіту.		Меңгеруші Әдіскер	
2-кеңес				
1	Апталық тәрбие шараларының циклограмма жоспар журналдарын тексерудің нәтижесі.	казан	Пед кадрлар, Әдіскер Меңгеруші	
2	Жалпы топтарда күн тәртібіндегі таңғы жаттығулары және түскі гигиеналық шараларды орындау қорытындысы		Мамандар Медбике	
3	Тиімді теңгерімді тамақтануды ұйымдастыру бақылау қорытындысы		Әдіскер	
3-кеңес				
1	Жылу маусымына дайындық	қараша	Меңгеруші	
2	Ұйымдастырылған іс әрекет жоспарының сапасы тексерудің нәтижесі. Кіші, ерте жас топтары		Медбике тәрбиешілер	
4-кеңес				
1	Үлгілік оқу бағдарлама негізінде мониторинг І-жарты жылдықтағы балалардың білім алу дағдыларын анықтау нәтижелерін талқылау.	Ақпан	Меңгеруші Әдіскер	

2	нәтижесі			
3	Тәрбиешілерге арналған байқаулар ережесін бекіту Педагог қоржыны		тәрбиешілер	
5-кеңес				
1	Педкадрларды аттестаттау жұмысының есебі	наурыз	Меңгеруші	
2	Мерекелік шаралардың мазмұны мен сапасын талқылау			
3	Білім сапасы мен мазмұндылығын бақылау нәтижелері.		Әдіскер	
4	Қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, сурет салу мен мүсіндеу ұя дағдыларының сапасы Баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісін қалыпты дұрыс өсуі үшін тағам сапасын күшейту, онкүндік ас мәзірін құру және уақытылы құрылуымен шығуын бақылау		Медбике	

Басқа мекемелерімен байланыс жұмысы

1.	Қалалық білім бөлімі, Облыстық оқу орталығы Өрлеу біліктілікті арттыру орталығы	Жыл барысында	Барлық топ тәрбиешілері, педагог мамандар
2.	«Балаларды ерте дамыту институты» Дана бала және өңірлік облыстық Педагогикалық ізденіс журналына журналына жазылу, қолдану.	үнемі	Тәрбиешілер
3.	Балалар емханасымен жұкпалы арулардың алдын алу бағытында жоспарлы жұмыс жасау	үнемі	Тәрбиешілер Медбике
4.	Денсаулық тұжырымдамасы бойынша емхана жолдамасымен бала қабылдау	үнемі	Б/б меңгерушісі, Медбике

Басқа әлеуметтік серіктестер

1	ҚР Оқу-ағарту министрлігі	Жыл бойында	Педагогтар
2	Республикалық «Балаларды ерте дамыту институты» орталығы ұйымдастыратын байқауларға қатысу.		
3	Қызылорда облысының білім басқармасының Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі		
4	Қызылорда облыстық оқу әдістемелік орталығы		